

Балкашин селолық округінде көшелерді қайта атау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Балкашин селолық округі әкімінің 2008 жылғы 29 мамырдағы N 1 шешімі. Ақмола облысы Сандықтау ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 20 маусымда N 1-16-80 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес Сандықтау ауданы Балкашин селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Сандықтау ауданы Балкашин селолық округі Хуторок селосында көшелер келесідей қайта аталсын:

- 1) Тельман көшесін Достық көшесіне;
- 2) Школьный көшесін Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
- 3) Дачный көшесі Көктем көшесіне;
- 4) Чехов көшесін Мәлік Ғабдуллин көшесіне;

2. Сандықтау ауданы Балкашин селолық округі Петровка селосында көшелер келесідей қайта аталсын:

- 1) Ленин көшесі Абай атындағы көшеге;
- 2) Мир көшесін Әлия Молдағұлова атындағы көшеге;
- 3) Зеленый көшесін Наурыз көшесіне;
- 4) Набережный көшесін Салтанат көшесіне.

3. Осы шешім Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелгеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланудан кейін қолданысқа түседі.

Әкім

А.Есымбаев